Қазығұрт ауданы «22» сәуір 2019ж.
шығыс №5

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне

«Курылысшы» ЖШС-нің директоры Толыкбаев Куаныш Мусабайулынан
Тел: 8 701 296 88 66
email: kuriliss@mail.ru

ШАҒЫМ

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының заңсыз іс-қимыл әрекетіне

«Курылысшы» ЖШС-гі, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 28.02.2019 жылы жарияланған *№ 3153340-1, «Қазығұрт аудандық орталық аурухана» ШЖҚ МКК үшін жұқпалы аурулар бөлімі ғимаратын ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстары. Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Жангелдин көшесі №29»,* конкурсына қатысуға өтінім берген.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» (әрі қарай – Қағидалар).

Қағиданың 155 тармағында былай **Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды** делінген.

Ал, №2942176 18.04.2019 жылғы қорытындылар туралы хаттамасында конкурстық комиссия мүшелері әлеуетті өнім беруші «Курылысшы» ЖШС-нің шартты жеңілдіктерін есептеу барысында 2009ж. (3обьект), 2010ж. (1обьект), 2011ж. (1обьект), 2012ж. (3обьект) 2013ж. (3обьект), 2014ж. (2 обьект), 2015ж. (2обьект), 2017ж. (2обьект), 2018ж. (1обьект) жұмыстардың құжаттарын Қағиданың талаптарына сай ұсынғанына қарамастан, негізсіз 1,8% пайыз мөлшерінде шартты жеңілдіктерін кем есептеген. Нәтижесінде конкурстық комиссия мүшелері Қағиданың 155 тармақтарының талаптарын сақтамаған.

Осыған байланысты және ҚР «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7-11 бабтарын басшылыққа алып

сұраймын:

1. Шағымда көрсетілген Заң бұзушылықтар жөнінде тексеру жүргізіп, көрсетілген уәждерім өз дәлелін тапса 18.04.2019 жылғы №2942176 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарауыңызды.
2. 9 жыл жұмыс өтіліне байланысты 10% пайыз, сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын сертификатқа 2%, пайыз қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын сертификатқа 1% пайыз шартты жеңілдіктерін қоса есептеп, нәтижесінде 13% пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік беруіңізді
3. Шағым бойынша Заңды көзделген мерзім ішінде жауап беруіңізді

Құрметпен «Курылысшы»
ЖШС-нің директоры: Толыкбаев К.М.